

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ



ОӘК отырысында бекітілді
ОӘК төрағасы
профессор М. А. Баяндин

« 14 » 09 2022 ж.

"Туған өлке бойынша Үздік креативті туристік маршрут" туристік маршрутын әзірлеуге онлайн конкурс ұйымдастыру және өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

"Туған өлке бойынша үздік креативті туристік маршрут" туристік маршрутын әзірлеуге онлайн конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Туған өлке бойынша үздік креативті туристік маршрут" онлайн конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) мақсаты мен міндеттерін, конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, Конкурсқа қатысу шарттарын, Конкурс жеңімпаздарын мен оларды марапаттау үрдісін анықтайды.

Туристік бағыт деп -туристік ресурстарға танымдық, рекреациялық, сауықтыру, спорттық және өзге де мақсаттарда баруды немесе пайдалануды қамтитын туристердің немесе экскурсанттардың (саяхат, экспедиция, экскурсия, жорық және т.б.) жүру жолын атауға болады.

2. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: балалар-жасөспірімдер, студенттер және жастар туризмін дамытуға жәрдемдесу, өскелең ұрпақты туризм құралдарымен табысты әлеуметтендіру үшін жағдай жасау және салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

- балалар-жасөспірімдер мен жастар туризмін насихаттау және дамыту;
- туристік қызметті ұйымдастыру тұрғысынан туған өлкені зерттеу;
- білім алушы жастарды туризммен айналысуға кеңінен тарту;
- Туған өлкенің табиғи, мәдени-тарихи мұрасы мен игілігін зерттеу, патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру;
- туристік саяхатты ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіру;
- туристік маршруттарды құруда қолдануға болатын жаңа, аз танымал аттракциондарды анықтау;

- Қазақстан Республикасының аумағында туризмнің барлық ықтимал түрлерін дамыту және танымал ету;
- ең қызықты туристік маршруттардың ақпараттық базасын құру.

3. Өткізу уақыты мен орны

"Туған өлке бойынша ең үздік креативті туристік маршрут" туристік маршрутын әзірлеуге арналған Конкурс 2022 жылғы 18 сәуірден 18 мамырға дейінгі кезеңде өткізіледі.

Әзірленген туристік маршруттардың барлық жобаларын автор және /немесе авторлар тобы 2022 жылғы 12 мамырдан кешіктірмей ұсынуы тиіс. 2021 жылғы 12 мамырдан кейін берілген жобалар қарауға жатпайды.

Ұсынылған материалдарға сараптамалық бағалауды "Дизайн, сервис және туризм" кафедрасының оқытушылары мен магистранттары 2022 жылдың 13 мамыр мен 18 мамыр аралығында жүргізеді.

Байқау қорытындысы 2022 жылдың 18 мамырында "Дизайн, сервис және туризм" кафедрасының базасында шығарылады.

4. Өткізу басшылығы

Конкурсты өткізуге жалпы басшылықты "Тұран-Астана" университетінің "Дизайн, сервис және туризм" кафедрасы жүзеге асырады.

Конкурсты тікелей өткізу кафедрада ғылым бойынша жауапты оқытушы А.Е.Аяпбекова, аға куратор А.Г.Гиззатжановаға, магистрант А.Т. Жамбиевқа жүктеледі.

5. Қатысушылар

Конкурсқа Нұр-Сұлтан қаласының және Қазақстанның басқа да өңірлерінің орта мектептері мен кәсіптік колледждерінің оқушылары қатыса алады.

Қатысушылардың жасы 10-18 жас аралығында, авторлардың сандық құрамы үш адамнан аспауы керек.

6. Бағдарлама

Конкурс келесі негізгі номинациялар бойынша өткізіледі:

"Туған өлке бойынша креативті тур" - туристерді туған қаласының тарихы мен мәдениетін зерделеуге белсенді тартуды көздейтін, туризмнің әр түрлі түріне орай ұйымдастырылған, қала бойынша маршруттар.

"Туған өлке бойынша экскурсиялық бағдарлама" -тарихи-мәдени объектілерді қамтитын және жергілікті жердің туристік ресурстарын танымал етуге бағытталған экскурсиялық маршрут.

7. Конкурсқа қатысу шарттары

Конкурсқа автор немесе белгіленген тәртіппен тіркелген авторлар тобы (бұдан әрі - қатысушылар) қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін қатысушылар электронды түрде келесі материалдарды ұсынады:

- белгіленген үлгідегі өтінім (1-қосымша);
- туристік немесе экскурсиялық маршрут жайлы ақпарат ұсынылатын реферат.

Материалдар конкурстық комиссияға электронды пошта арқылы мына мекен-жайға жіберіледі: turistskiy.kray@mail.ru байланыс тұлғалары - Жамбиев Айдос Тасбулатұлы, моб. тел.: +7 747 477 04 74, Аяпбекова Әлия Ескермесқызы, моб. тел.: +7 702 524 58 76, Гиззатжанова Ажар Гиззатжановна, моб. Тел.: +7 701 579 95 86.

Рефераттағы туристік маршруттың сипаттамасы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- маршрут атауы;
- маршрут түрі;
- маршруттың ұзақтығы;

- орналастыру (мүмкіндігінше);
- тамақтану (мүмкіндігінше);
- фотосурет түрінде туған өлкенің табиғатымен ақпарат ұсыну.

Мәтін Microsoft Word немесе PowerPoint мәтіндік редакторында терілуі керек. Максималды рұқсат етілген көлемі-12 Толық баспа беті.

Ереженің талаптарын бұза отырып ресімделген және конкурстық құжаттаманы беру мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен жұмыстар конкурсқа қатысуға қабылданбайды.

Конкурсқа қатысуға өтінім қатысушының дербес деректерін өңдеуге келісім болып табылады.

8. Конкурстық жұмыстарды бағалау

Конкурстық жұмыстарды бағалау мынадай критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады: түпнұсқалылық (оригинальность), қанықтылық, қазіргі жағдайдағы қажеттілігі, креативтілік, туған өлке үшін маңыздылығы.

Жеңімпаз жинаған балдарының ең көп сомасы бойынша анықталады.

Конкурстың нәтижелері әрбір негізгі номинация бойынша жеке жүргізіледі.

9. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

Конкурсқа ұсынылған әрбір жұмысты "Дизайн, сервис және туризм" кафедрасының оқытушылары Ережеге сәйкес нысан бойынша бағалайды. Бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі, ең жоғары баға бес балды құрайды.

Өз номинациясында ең көп ұпай жинаған маршрут жеңімпаз болып саналады.

Байқау жеңімпаздары грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау қорытындысы "Тұран-Астана" университетінің парақшасында, сондай-ақ жеңімпаздар туралы хаттама `dst_turanastana` – Instagram парақшасында іс-шара аяқталғаннан кейін жарияланады.

10. Қосымша ақпарат

Конкурс ережесі "Тұран-Астана" университетінің <https://tau-edu.kz/> сайтында орналастырылған

Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген мекен-жай бойынша алуға болады: Нұр-Сұлтан Қ., Дүкенұлы к-сі, 29, "Тұран-Астана" университеті, "Дизайн, сервис және туризм" кафедрасы. Instagram: `dst_turanastana`.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім формасы

Номинация атауы	
Қатысушының немесе қатысушылардың аты-жөні және маршрут жетекшісінің аты-жөні	
Жетекшінің, ұйымдастырушының Байланыс ақпараты (телефоны, e-mail, мекен-жайы, байланысушы тұлға)	
Қосымша мәлімет	

Титул парағының үлгісі:

Оқу орнының атауы

РЕФЕРАТ

Номинацияның атауы

Тақырыбы: «_____»

Орындаған(дар)

Автордың/авторлардың
аты-жөні/

Нұр-Сұлтан 2022 ж.